

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 553-IV Заңы.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; 2011 жылғы 15 және 16 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2011 жылғы 15, 16 және 19 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 65-баптың екінші бөлігінде:

б) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындардан өту кезінде запастағы азаматтар; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персоналы өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты немесе осы бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің орналасқан жерінде жасаған барлық қылмыстар туралы істер бойынша – әскери полиция органдары анықтау органдары болып табылады.

Сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері жасаған барлық қылмыстар туралы істер бойынша – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары;"

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақпен толықтырылсын:

"9-1) күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі Заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы тікелей бағытталған қылмыстар туралы істер бойынша – Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;"

2) 285-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы баптың екінші, үшінші, бесінші, 5-1, жетінші, 7-1, сегізінші, 8-1, 8-2, 8-3, 8-4 және тоғызыншы бөліктерінде көрсетілген қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеу ісін жүргізу міндетті емес және анықтау материалдары істі сотта қарау үшін негіз болып табылады.";

екінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 142 (бірінші бөлігінде), 145 (бірінші және екінші бөліктерінде), 175 (бірінші бөлігінде), 187 (бірінші бөлігінде), 230 (бірінші бөлігінде), 251 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 257 (бірінші бөлігінде), 288 (бірінші бөлігінде), 296, 298 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 300 (бірінші бөлігінде), 302 (бірінші бөлігінде), 333 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды, егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі Заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы тікелей бағытталған болса, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі жүргізе алады.";

мынадай мазмұндағы 5-1-бөлікпен толықтырылсын:

"5-1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары анықтауды осы баптың бесінші бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша, сондай-ақ

арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері жасаған, алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес, өзге де барлық қылмыстар бойынша жүргізеді.";

8-1-бөлігіндегі ", 325" деген цифрлар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-4-бөлікпен толықтырылсын:

"8-4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 325-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды, егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі Заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы тікелей бағытталған болса, қылмыстық істі қозғаған ішкі істер, қаржы полициясы органы немесе Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі жүргізеді.";

3) 288-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 285-бабының екінші, үшінші, бесінші, жетінші, 7-1, сегізінші, 8-3, 8-4 және тоғызыншы бөліктерінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша, егер оларды жасады деп күдік келтірілген адам белгісіз болса немесе оларды кәмелетке толмағандар немесе өзінің дене немесе психикалық кемшіліктеріне байланысты өзін қорғау құқығын жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған болса, алдын ала тергеу жүргізу міндетті."

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 19-құжат; 2011 жылғы 15 және 16 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2011 жылғы 15, 16 және 19 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

14-бапта:

бесінші тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өлім жазасы түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері орындайды.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелері, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған немесе этаппен жөнелтілген сотталғандарға қатысты тергеу изоляторлары орындайды."

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 4, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 7, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы; 2011 жылғы 15 және 16 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2011 жылғы 15, 16 және 19 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және

қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

355-баптың тақырыбындағы "шекара қызметінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің" деген сөздермен ауыстырылысын;

"575-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"575-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі"

;

2) 35-баптың бірінші бөлігіндегі "қаржы полициясы мен" деген сөздер "қаржы полициясының, арнаулы мемлекеттік органдардың және" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 355-баптағы "шекара қызметінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 575-бапта:

тақырыбы, бірінші бөлігі және екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"575-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі осы Кодекстің 298 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 389, 390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің атынан әкімшілік жаза қолдануға:";

екінші бөліктің екінші абзацындағы "шекара қызметінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 619-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимі, шекара және кеден режимдері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы және кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі режим бұзылғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі әскери қызметшісінің, өзге әскерлер, әскери құралымдар әскери қызметшілерінің, ішкі істер органдары (полиция) қызметкерінің заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбағанда – әскери қызметші, ішкі істер органдарының (полиция) қызметкері немесе Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау жөніндегі міндетті орындайтын басқа жеке тұлға бөлімшеге, әскери бөлімге, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, ішкі істер органына (полицияға), жергілікті басқару органына;"

б) 620-бапта:

3), 4) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Мемлекеттік шекара режимі, шекара режимі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі режим бұзылған, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы заңсыз алып өткен, Қазақстан Республикасының континенттік қайраңының, аумақтық суларының (теңізінің) және ішкі суларының минералдық және тірі ресурстарын заңсыз берген, әскери қызметшінің Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі өз міндетін орындауға байланысты заңды өкіміне немесе талабына бағынбаған жағдайда – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі;

4) күзетілетін объектілерге, басқа да бөтен мүлікке қол сұғушылыққа байланысты құқық бұзушылық жасалған жағдайда – күзетілетін объект орналасқан жердегі аға әскери қызметші, ішкі істер органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкері, әскерилендірілген күзеттің лауазымды адамы;"

"10) Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында, аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында рұқсат етілген қызметті регламенттейтін лицензия шарттарының бұзылуына байланысты континенттік қайраңда, аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған, ресурстық немесе теңізде ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидалары бұзылған, қалдықтар мен басқа да материалдарды көму қағидалары бұзылған, Қазақстан Республикасының континенттік қайраңын, аумақтық суларын (теңізін) және ішкі суларын қорғау органдары лауазымды адамдарының кемеңі тоқтату жөніндегі заңды талаптары орындалмаған немесе оның жүзеге асырылуына кедергі жасалған жағдайда – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тау-кен қадағалау органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі органдардың, балық аулау жөніндегі республикалық органның лауазымды адамдары;"

7) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

бесінші абзацтағы "461 (үшінші бөлігі)" деген сөздер "461 (3-1-бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери жол полициясының (арнаулы мемлекеттік органдардың көлік құралдарын жүргізуші адамдар жасаған, осы

Кодекстің 461 (3-1-бөлігі), 463-3 (бесінші бөлігі), 464-1 (бірінші және екінші бөліктері), 465 (екінші бөлігі), 466 (екінші бөлігі), 467, 468-2, 469, 477 (үшінші бөлігі)-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар туралы);";

отыз бесінші абзацтағы "461 (үшінші бөлігі)" деген сөздер "461 (3-1-бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

қырық сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің (298 (екінші және үшінші бөліктері), 298-1 (екінші бөлігі), 303 (екінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 355, 388, 390 (екінші бөлігі), 391 (екінші бөлігі), 391-1 (екінші және үшінші бөліктері), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктері)-баптар);";

8) 730-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Кодекстің 391-бабының екінші бөлігінде және 391-1-бабының үшінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылықтар жасалған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі";

9) 731-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер шығарып жіберілетін адамды шет мемлекет өкіліне беру Қазақстан Республикасының аталған мемлекетпен шартында көзделмеген болса, шығарып жіберу Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі айқындайтын орында жүзеге асырылады."

4. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат):

1) мазмұнында:

12-тараудың тақырыбы "қорғаныс" деген сөзден кейін ", ұлттық қауіпсіздік" деген сөздермен толықтырылсын;

120-баптың тақырыбы "Қорғаныс" деген сөзден кейін "және ұлттық қауіпсіздік" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы "қорғаныс" деген сөзден кейін ", ұлттық қауіпсіздік" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 13-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру мен кеңейтуге, халықаралық міндеттемелерді орындаумен жерді қорғаныс және ұлттық

қауіпсіздік мұқтаждары үшін пайдалануға байланысты жағдайларда барлық санаттағы жерден жер учаскелерін беру және алып қою, оның ішінде мемлекет мұқтаждары үшін алып қою;"

4) 26-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік билік органдарына, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге берілген, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алып жатқан, сауықтыру және тарихи-мәдени мақсаттағы, орман және су қорларының, елді мекендер жеріндегі ортақ пайдаланудағы, босалқы жер қорындағы, оның ішінде арнайы жер қорының жер учаскелері, кенттер мен ауылдық елді мекендердің маңындағы жайылымдық және шабындық алқаптар, сондай-ақ жеке меншікке берілмеген шалғайдағы жайылымдар мен басқа да жерлер мемлекеттік меншікте болады.";

5) 33-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін берілген;"

6) 84-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттар үшін жер беру және арнайы экономикалық аймақтардың құрылуы мен олардың жұмыс істеуі;"

7) 105-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік жерін және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерді қоспағанда, ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мұқтаждар үшін жердің барлық санаттарының құрамынан ауыл шаруашылығы алқаптары берілетін адамдар, сондай-ақ күзет, санитариялық және қорғау аймақтары белгіленетін адамдар ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ысырапты өтейді.";

8) 107-баптың 3-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін берілген, сондай-ақ өзге де пайдалану режиміндегі жер кіруі мүмкін.";

9) 12-тараудың тақырыбы "қорғаныс" деген сөзден кейін ", ұлттық қауіпсіздік" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 120-баптың тақырыбы, 1-тармағы және 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"120-бап. Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарына арналған жер

1. Әскери бөлімдерді, әскери полигондарды, әскери оқу орындарын, арнаулы мемлекеттік органдардың оқу орындарын және Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің, әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың өзге де ұйымдарын, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы міндеттерді атқаратын олардың

объектілері мен құрылыстарын орналастыру және олардың тұрақты қызметі үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі берген жер учаскелері қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарына арналған жер деп танылады.

2. Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарына байланысты жаттығулар мен басқа да іс-шаралар өткізу үшін жерді уақытша пайдалану қажет болған жағдайда, жер учаскелерінің меншік иелерінен және жерді пайдаланушылардан жер учаскелері алып қойылмайды.";

11) 121-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы "аумағы жатады." деген сөздер "аумағы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) арнаулы мемлекеттік органдардың пайдалануындағы аумақтар жатады.".

5. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

28-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"28-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ, ПАРЛАМЕНТІ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ, СУДЬЯЛАРЫНЫҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕГІ АДАМДАРЫНЫҢ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ";

256-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"256-бап. Әскери қызметтегі адамдар, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері";

257-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"257-бап. Әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегін реттеу";

2) 156-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Тұрақты жұмысы жолда өтетін немесе жүріп-тұру сипатында болатын не қызмет көрсететін учаскелері шегінде қызметтік жол жүрулермен байланысты қызметкерлерге темір жол, өзен, теңіз, автомобиль көлігі, азаматтық авиация, автомобиль жолдары, магистральдық байланыс желілері мен олардағы құрылыстар,

радиорелелік желілер және олардағы құрылыстар, электр берілісінің әуе желілері және олардағы құрылыстар, байланыс объектілері қызметкерлер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы учаскелеріне қызмет көрсететін қызметкерлер жатады.";

3) 28-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"28-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ, ПАРЛАМЕНТІ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ, СУДЬЯЛАРЫНЫҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕГІ АДАМДАРЫНЫҢ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ";

4) 256-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"256-бап. Әскери қызметтегі адамдар, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әскери қызметтегі адамдарға Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, әскери қарсы барлау органдарында және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінде, Республикалық ұланда, ішкі әскерлерде, әскери-тергеу органдарында және әскери полицияда, Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдерінде және әскери прокуратура органдарында қызмет өткеріп жүрген адамдар жатады.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлеріне ұлттық қауіпсіздік органдарында, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органда және Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде қызмет өткеріп жүрген адамдар жатады.";

5) 257-бап мынадай редакцияда жазылсын:

257-бап. Әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік және

құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегін реттеу

Әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегі қызметке кірудің, оны өткеру мен тоқтатудың ерекше шарттары мен тәртібін, ерекше еңбек жағдайларын, еңбекке ақы төлеу шарттарын, сондай-ақ қосымша жеңілдіктерді, артықшылықтар мен шектеулерді белгілейтін Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодексте реттеледі.";

б) 303-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) соғыс жағдайы немесе төтенше жағдай не төтенше жағдай туралы заңнамаға сәйкес айрықша шаралар енгізілген кезеңде; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің органдары мен ұйымдарында, елдің қорғанысын, мемлекеттің қауіпсіздігін, авариялық-құтқару, іздестіру-құтқару, өртке қарсы жұмыстарды қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу немесе оларды жою мәселелерімен айналысатын басқа да әскери құралымдар мен ұйымдарда; арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында; қауіпті өндірістік объектілер болып табылатын ұйымдарда; жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету станцияларында;"

7) 322-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерумен байланысты емес жұмыстарды орындауға тартылған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің;"

6. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 29 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті органдардың мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі құзыретінің аражігін ажырату және бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 53-баптың 1-тармағы 6) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің отбасыларына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген әлеуметтік төлемдер;"

7. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, № 22-II, 112-құжат ; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат ; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; №

2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 29 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті органдардың мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі құзыретінің аражігін ажырату және бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

156-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы "қызметтік міндеттерін орындауға байланысты" деген сөздерден кейін "арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің," деген сөздермен толықтырылсын.

8. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында 135-баптың тақырыбында:

"Әскери қызметшілерге, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының, әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің, өртке қарсы қызметтің, қаржы полициясының қызметкерлеріне," деген сөздер "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары қызметкерлеріне," деген сөздермен ауыстырылсын;

"осы ведомстволардың" деген сөздер "осы органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 60-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"60-бап. Әскери-дәрігерлік сараптама

1. Әскери-дәрігерлік сараптама денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы, ішкі істер органдарындағы, қылмыстық-атқару жүйесінің, өртке қарсы қызмет, қаржы полициясы, кеден органдарындағы, прокуратура органдарындағы қызметке (бұдан әрі – әскери қызмет немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет) жарамдылықты белгілеу үшін, сондай-ақ азаматтардың әскери қызметті немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметті және әскери жиындарды өткерумен (міндеттерді орындаумен) байланысты ауруының, мертігуінің (жаралануының, жарақаттануының, контузия алуының) (бұдан әрі – мертігу) және қайтыс болуының себепті байланыстарын айқындау үшін жүргізіледі.

2. Әскери-дәрігерлік сараптама:

1) мыналарды:

шақыру учаскелеріне тіркелетін, әскери қызметке немесе әскери жиындарға шақырылатын және әскери (арнайы) оқу орындарына, республикалық әскери мектеп-интернаттарға (лицейлерге) түсетін азаматтарды;

әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметке, оның ішінде келісімшарт бойынша қызметке кіретін азаматтарды;

әскери қызметті шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша өткеретін әскери қызметшілерді;

арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін;

әскери (арнайы) оқу орындарының, арнаулы мемлекеттік органдары оқу орындарының курсанттарын, кадеттер мен тәрбиеленушілерді;

радиоактивтік заттармен, иондандырушы сәулелену көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электр-магниттік өріс көздерімен қызметке (жұмысқа) іріктеп алынатын және қызмет өткеріп (жұмыс істеп) жүрген әскери қызметшілерді (Қарулы Күштер қызметшілерін), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерін (жұмыскерлерін);

мемлекеттік авиацияның авиация персоналын;

әскери жиындарға, арнаулы мемлекеттік органдар жиындарына немесе әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызметке шақырылған кезде немесе есепке алу мақсатында запастағы азаматтарды медициналық куәландыру кезінде;

2) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына қызметке кіретін азаматтарға психологиялық-физиологиялық іріктеуді жүзеге асыру кезінде;

3) әскери қызметті (әскери жиындарды) немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметті (жиындарды) өткерген әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің немесе азаматтардың мертігуінің, ауруының себепті байланыстарын айқындау кезінде;

4) азаматтар әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметтен босатылған кезде олардың денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметке жарамдылық санатын айқындау кезінде;

5) әскери қызметшілердің, әскери міндеттілердің, қызметкерлердің әскери қызмет (әскери жиындар) немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметі кезеңінде не әскери қызметтен (әскери жиындардан) немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы, құқық қорғау органдарындағы әскери қызметтен (жиындардан) босатылғаннан кейін әскери қызметті (әскери жиындарды) немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметті (жиындарды) өткеру кезеңінде мертігуі, ауруы салдарынан қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланыстарын айқындау кезінде жүргізіледі.

3. Әскери-дәрігерлік сараптама органдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, арнаулы мемлекеттік органдарда және ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізеді.

Арнаулы мемлекеттік органдар үшін әскери-дәрігерлік сараптаманы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери-дәрігерлік сараптама органдары жүргізеді.

4. Денсаулық жағдайының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, ішкі істер және мемлекеттік авиация органдарындағы қызметке сәйкестігіне қойылатын талаптарды қорғаныс, ішкі істер саласындағы орталық атқарушы органдар және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы орталық мемлекеттік орган уәкілетті органмен келісім бойынша бекітеді.";

3) 135-баптың тақырыбындағы "Әскери қызметшілерге, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының, әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің, өртке қарсы қызметтің, қаржы полициясының қызметкерлеріне," деген сөздер "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары қызметкерлеріне," деген сөздермен ауыстырылсын;

"осы ведомстволардың" деген сөздер "осы органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "ұлттық қауіпсіздік," деген сөздер "арнаулы мемлекеттік органдар және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"осы ведомстволардың" деген сөздер "осы органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 13-14, 348-құжат; 1994 ж., № 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 21, 274-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат;

1999 ж., № 8, 247-құжат; № 23, 924-құжат; 2004 ж., № 24, 150-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

10-бап алып тасталсын.

10. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 23, 560-құжат; 1994 ж., № 8, 140-құжат; № 20, 252-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; № 22, 334-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 23, 923-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат):

15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне берілетін жеңілдіктер туралы

Ластанған аумақтарда әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген кезде әскери қызметшілер және осы органдардың қызметкерлері осы Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады."

11. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы" 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 1, 3-құжат; 1995 ж., № 8, 56-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., №14, 275-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 24, 180-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

1) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Шекара қызметінің жұмыс қағидаттары

Шекара қызметінің жұмысы заңдылық, ізгілік, жариялылық, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, астыртын әрекет ету, дара басшылық, ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесінің бірлігі қағидаттарына, жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, ұйымдармен және халықпен өзара іс-қимыл жасауға негізделіп құрылады. Шекара қызметінде саяси партиялардың қызметіне тыйым салынады.";

2) 5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шекара қызметінің құрылымы мыналардан тұрады: Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен құрылатын Шекара қызметінің Орталық аппараты, арнаулы бірлестіктер, құрамалар, авиациялық, теңіз, арнаулы және басқа да бөлімдер.";

3) 5-1-бап алып тасталсын;

4) 6, 7, 8-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Шекара қызметінің жұмысына басшылық ету және оны бақылау

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің жұмысына басшылықты және бақылау жасауды жүзеге асырады.

7-бап. Шекара қызметінің міндеттері

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзете отырып, Шекара қызметі:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының өтетін жерін заңсыз өзгертуге ұмтылу әрекеттерінің жолын кесуге;

2) Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кіруге тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында қарулы және өзге де арандатушылықтың жолын кесуге, халықты, мемлекеттік және жеке меншікті аталған қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғауға;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткізу пункттерінен тыс жерлерден немесе заңсыз әдістермен адамдардың және көлік құралдарының өтуінің, сондай-ақ жүктер мен тауарларды өткізудің алдын алуға және оған жол бермеуге, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушыларды анықтауға және ұстауға;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және тауарларды белгіленген тәртіппен өткізуді жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасына әкелуге немесе одан әкетуге тыйым салынған жарылғыш, уландырғыш, радиоактивті, есірткі заттарын, қаруды, оқ-дәрілерді, басқа да заттарды, сондай-ақ контрабандалық заттарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізудің белгіленген тәртіппен дербес немесе кеден органдарымен бірлесе отырып жолын кесуге;

6) мемлекеттік шекара режимі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге;

7) дербес немесе ішкі істер органдарымен бірлесе отырып, шекара режимінің сақталуын бақылауға;

8) дербес немесе ішкі істер органдарымен халықаралық ұшу сапарлары үшін ашық әуежайлардың (әуе айлақтарының), шекаралық теміржол станцияларының, теңіз және өзен порттарының, халықаралық автокөлік тасымалдары қызметтерінің әкімшілігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өту пункттерінде белгіленген режимнің орындалуын бақылауға;

9) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және шекаралық өзендер мен өзге де су айдындарының қазақстандық бөлігіндегі ішкі суларда қазақстандық және шетелдік әскери емес кемелер мен әскери корабльдердің жүзуі мен болуының белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды жүзеге асыруға;

10) шекаралық қызмет атқару аудандарында Қазақстан Республикасының арнайы уәкілдік берілген органдарының қоршаған ортаны қорғауға бақылау жасау, кәсіпшілік қызмет қағидаларын сақтау жөніндегі қызметіне қажетті жәрдем көрсетуге міндетті.

8-бап. Шекара қызметінің құқықтары

Шекара қызметінің:

1) шекара кеңістігі шегінде шекаралық нарядтар қоюға, қызмет міндеттерін атқару кезінде жолдармен, соқпақтармен және маршруттармен жүріп-тұруға, құжаттарды тексеруге, көлік құралдарын және оларға тиелген жүктер мен тауарларды тексеріп қарауға, көлік құралдарына ілесіп жүруге және оларға шекаралық нарядтар қоюға;

2) белгіленген тәртіппен қажетті инженерлік-техникалық құрылыстар салуға, байланыс және коммуникация желілерін салуды жүзеге асыруға, техника мен қару-жарақты орналастыруға және пайдалануға;

3) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес заң бойынша өз қарауына жатқызылған істер бойынша тергеу жүргізуге;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік ұстауды жүзеге асыруға, хаттамалар жасауға және өзінің қарауына жататын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге;

5) әкімшілік ұстауға алынған адамдарды осы мақсатта арнайы жабдықталған орындарда ұстауға;

6) өзінің қарауына жататын құқық бұзушылықтың мән-жайын анықтау үшін Шекара қызметінің бөлімшелеріне адамдарды шақыруға және заңмен белгіленген жағдайларда оларды сонда әкелуге құқығы бар. Қажетті жағдайларда аталған құқық бұзушылықтардың мән-жайын анықтау өзге жерлерде де жүзеге асырылуы мүмкін;

7) Шекара қызметінің құзыретіне жататын құқық бұзушылыққа қарсы күресте, оның алдын алуды жүзеге асыруға;

8) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мүдделері үшін жедел-ізвестіру қызметін жүргізуге, шекара маңындағы аудандардың құқық қорғау органдарының, ұйымдарының дерекқорын пайдалануға;

9) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне немесе Қазақстан Республикасынан кетуіне құқық беретін құжаттарын тексеруге, оларға тиісті белгілер соғуға және қажет болған жағдайда оларды алып қоюға, шетелде немесе Қазақстан Республикасында болған кезінде құжаттарын жоғалтып алған Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқа да адамдарды олардың кім екені анықталғанға дейін өткізбей, режим аймағында немесе осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған орындарда қалдыруға;

10) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтіп бара жатқан адамдардың көлік құралдарын, жүктері мен тауарларын белгіленген тәртіппен дербес немесе кеден органдарымен бірлесе отырып қарап тексеруді жүзеге асыруға;

11) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы алып өтетін, Қазақстан Республикасынан әкетуге немесе әкелуге тыйым салынған заттарды, сондай-ақ контрабанда бұйымдарын белгіленген тәртіппен алып қоюға;

12) көлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өту пункттерінде тоқтау (аялдау) орны мен аялдау ұзақтығын мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып анықтауға;

13) Қазақстан Республикасының аумақтық және ішкі суларында жүзу кезінде немесе кемелер Қазақстан порттарында тұрған кезде құқық бұзушылықтарға жол берген шетелдік әскери емес кемелер экипаждары мүшелерінің және онда болған басқа да адамдардың жағаға шығуына және жағада болуына тыйым салуға;

14) Қазақстан Республикасының мүдделеріне қатер төнген жағдайда, шекаралық белдеуде азаматтардың болуын, көліктің жүрісін және жұмыстар жүргізуді уақытша шектеуге, бұған қорғаныстық маңызы бар жұмыстар, халықаралық міндеттемелерді орындау мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан туындаған зардаптарды жоюға байланысты жұмыстар қосылмайды;

15) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушылардың ізіне түскен кезде кез келген жер учаскелерімен және акваториялармен жүруге, ұйымдардың үй-жайларына және азаматтардың тұрғын (тұрғын емес) үй-жайларына кіруге;

16) байланыс құралдарын қызмет мақсатында пайдалануға, ал Қазақстан Республикасының аумағына басып кіруге тойтарыс беру кезінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы арандату әрекеттерінің жолын кесу кезінде ұйымдардың, ал қажет болған жағдайда шығындарды кейіннен өтей отырып, азаматтардың келісімімен олардың көлік құралдарын пайдалануға;

17) заңдарда көзделген тәртіппен және жағдайларда қаруды, ұрыс техникасын, арнаулы құралдар мен қызметтік жануарларды пайдалануға;

18) шекара аудандарының елді мекендерінде және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге қатысу үшін жергілікті тұрғындардан ерікті құралымдар құруға;

19) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен, Шекара қызметінің құрамалары мен бөлімдерінің қызметтік-жауынгерлік қызметін қамтамасыз ету мақсатында арнаулы техника сатып алуға;

20) шектес мемлекеттердің шекара өкілдерімен мемлекеттік шекара режимін сақтап тұру, шекарадағы жанжалдарды реттеу, ақпарат алмасу мәселелері бойынша хат алысуды жүргізуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шекара мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу үшін өзара уағдаластық бойынша шектес мемлекеттердің өкілдерін Қазақстан Республикасының аумағына шақыруға және шектес мемлекеттердің аумағына өтуге;

22) мемлекеттік органдар мен заңды тұлғаларға, сондай-ақ өзге де ұйымдарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына қатысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар енгізуге;

23) ақпараттық дерекқор құруға;

24) өтеусіз негізде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ратификацияланған халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен басқа мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен ақпарат алмасуды жүзеге асыруға;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасына, халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттары мен нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету бойынша басқа да іс-қимылдарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Бұдан басқа, аумақтық сулар (теңіз) мен ішкі суларда, шекаралық өзендер мен өзге де су айдындары суларының қазақстандық бөлігінде әскери емес кемелерге қатысты Шекара қызметінің:

1) егер кеме сұрау салу дабылдарына жауап бермесе, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын шарттарда және тәртіппен жүзуге тыйым салынған ауданда жүрсе, Қазақстан Республикасының суларына кіру, оларда жүзу және болу тәртібін бұзса, осы кемеңі тоқтатуға және оны қарап-тексеруге құқығы бар. Кемеңі қарап тексеру кемеңі және жүзу құжаттарын, экипаж мүшелері мен жолаушылардың құжаттарын, жүк құжаттарын, ал қажет болған жағдайларда кемеңі ішін тексеруді қамтиды. Кемеңі қарап-тексеру нәтижелері бойынша оған белгіленген қағидаларды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының суларында жүзуді (болуды) жалғастыруға рұқсат берілуі немесе Қазақстан Республикасының суларынан кету ұсынылуы мүмкін немесе ол қылмыстық іс жүргізу немесе әкімшілік заңнамаға сәйкес ұсталуы мүмкін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартылуға тиісті адамдарды ұстауға, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, бұл адамдарды анықтау және тергеу органдарына немесе тиісті органдарға беруге;

3) егер ізге түсу кемеңі дабылды көруіне немесе естуіне мүмкіндік беретін қашықтықтан көру немесе дыбыс дабылы берілгеннен кейін Қазақстан Республикасының шекаралық суларында басталып, үздіксіз жүргізілген болса, Қазақстан Республикасының шекаралық суларында жүзу (болу) заңдарын немесе қағидаларын бұзған кемеңі, ол кеме өз елінің немесе үшінші бір мемлекеттің аумақтық суларына кіргенге дейін ізіне түсуге және ұстауға;

4) егер ту көтерілмесе, кемеге өз туын көрсету жөнінде ұсыныс жасауға;

5) егер кеме жүзуге тыйым салынған ауданға жүзіп бара жатса немесе басқа да жүзу режимін бұзушылықтарға әкеп соқтыруы мүмкін болса, кемеге бағытын өзгерту жөнінде ұсыныс жасауға құқығы бар.";

5) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ КАДРЛАРЫ ЖӘНЕ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНДЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ";

б) 9 және 10-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Шекара қызметінің кадрлары және Шекара қызметінде әскери қызмет өткеру ерекшеліктері

Шекара қызметінің кадрлары әскери қызметшілерден және қызметкерлерден тұрады.

Шекара қызметінде әскери қызмет өткеру заңдарда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

Шекара қызметі әскери қызметшілерінің Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне арналған бірыңғай әскери атақтары мен айырым белгілері болады. Шекара қызметі әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны мен айырым белгілерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді, олармен жабдықтау нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Шекара қызметінің офицерлері – белгіленген үлгідегі куәліктермен, солдаттар (матростар) мен сержанттар (старшиналар) әскери билеттермен қамтамасыз етіледі.

Шекара қызметі шақыру бойынша әскери міндеттілік негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әскери қызметке ерікті түрде (келісімшарт бойынша) тұру жолымен әскери қызметшілерден жасақталады.

Шекара қызметі үшін кадрлар мен мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының жоғары, орта кәсіптік, әскери және арнайы оқу орындарында, оқу жасақтарында, орталықтарында (мектептерінде), сондай-ақ келісімдер (шарттар) бойынша шет мемлекеттерде жүзеге асырылады.

Шекара нарядтарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және қорғау жөніндегі қызметті атқару жауынгерлік кезекшілік (жауынгерлік қызмет) болып табылады.

Шекара қызметінің әскери қызметшілері қызметтік міндеттерін атқарған кезде билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Заңмен уәкілеттік берілген лауазымды адамдардан басқа ешкімнің де Шекара қызметінің қызметтік әрекетіне араласуға құқығы жоқ.

10-бап. Шекара қызметінің қызметкерлері

Шекара қызметіндегі қызметкерлердің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.";

7) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАЛУЫ ЖӘНЕ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ";

8) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Шекара қызметі әскери қызметшілерінің жауаптылығы

Шекара қызметінің әскери қызметшілері құқыққа қарсы әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады."

12. "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 19, 118-құжат; № 23, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184, 190-құжаттар; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 13-14, 144-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 11, 59-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"әскери қызметшілердің", "әскери қызметшісі", "әскери қызметшісінің", "әскери қызметшілерінің", "әскери қызметшілеріне", "әскери қызметшілері", "әскери қызметшілер", "әскери қызметшісіне", "әскери қызметшілерін", "Әскери қызметшілердің" деген сөздер тиісінше "қызметкерлердің", "қызметкері", "қызметкерінің", "қызметкерлерінің", "қызметкерлеріне", "қызметкерлері", "қызметкерлер", "қызметкеріне", "қызметкерлерін", "Қызметкерлердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

3) 4-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне басшылықты Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын, лауазымнан босататын және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығаратын Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің бастығы жүзеге асырады.";

4) 9-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

"2-3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде анықтау жүргізу;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) күзетілетін адамдар келуге арналған үйлерде, құрылыстарда, ғимараттарда, оларға іргелес жатқан аумақтарда, сондай-ақ күзетілетін объектілерде санитариялық-гигиеналық, экологиялық, радиациялық, биологиялық, химиялық және эпидемияға қарсы бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзетілетін объектілерді күзету және қорғау бойынша жауынгерлік кезекшілікті ұйымдастыру және атқару;"

5) 14, 15, 16, 17, 18 және 19-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің кадрлар құрамы Президенттің Күзет қызметінің кадрларын қызметкерлер мен жұмыскерлер құрайды

Президенттің Күзет қызметіндегі қызмет пен жұмысқа өзінің моральдық және іскерлік қасиеттері, білімі мен денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

Президенттің Күзет қызметінің штаттық санының лимитін Президенттің Күзет қызметі бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Президенттің Күзет қызметі қызметкерлерінің санын осы мақсаттар үшін бөлінген қаражат шегінде Президенттің Күзет қызметінің бастығы белгілейді.

15-бап. Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің қызметкерлері

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде қызметте тұрған адамдар Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері болып табылады.

Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері Президенттің Күзет қызметі кадрларында немесе қолданыстағы резервте тұрады.

Қызметкерлерді қолданыстағы резервке алу және олардың қызмет өткеру тәртібін Президенттің Күзет қызметінің бастығы белгілейді.

Президенттің Күзет қызметі күзететін күзетілетін адамдардың, объектілер мен көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан ұйымдарда олардың келісімімен белгіленген тәртіппен штаттағы лауазымдарды атқара тұру үшін Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметте қалдырыла отырып, іссапарға жіберілуі мүмкін.

16-бап. Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің жұмыскерлері

Президенттің Күзет қызметі жұмыскерлерінің еңбек қызметі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

17-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлеріне оның жеке басы мен өкілеттіктерін растау үшін қызмет куәлігі мен белгіленген үлгідегі жетон беріледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің қызметтік әрекеттеріне тура және тікелей бастықтарынан басқа ешкімнің де араласуына құқығы жоқ. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің заңды талаптарын азаматтар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті.

Қызметкерлердің, Президенттің Күзет қызметі қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамау, олардың қызметтік міндеттерін атқаруына кедергі келтіру, Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлерін қорлау, оларға қатысты қарсылық көрсету, қатер төндіру немесе күш көрсету, олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен абыройына, мүлкіне қол сұғу, олардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына кедергі жасайтын басқа да әрекеттер, сондай-ақ Президенттің Күзет қызметі қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысына, абыройына және мүлкіне қол сұғу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Заңға көрінеу қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған кезде Президенттің Күзет қызметінің қызметкері заңды басшылыққа алуға міндетті.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің қызметкерлері партияларда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде тұруға, сондай-ақ қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетуге тиіс емес.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің қызметкерлері, заңнамаға сәйкес оның лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, өзге ақылы лауазымдарды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшылық органының немесе қадағалау кеңесінің құрамына кіруге құқылы емес.

18-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің қызметтік міндеттері мен құқықтары

1. Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің қызметкерлері:

1) алдарына қойылған міндеттерді біліктілікпен және дәлме-дәл шешуге;

2) кәсіптік және құқықтық білімнің, дене күші дайындығының, арнайы және жауынгерлік даярлықтың қажетті деңгейін сақтап тұруға міндетті.

2. Президенттің Күзет қызметінің қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде қолданыстағы заңнамада көзделген шектерде және тәртіппен:

1) күзет іс-шаралары өткізілетін орындарда азаматтар мен лауазымды адамдардан белгіленген тәртіптің сақталуын талап етуге;

2) қылмыстарды, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға, олардың алдын алуға және жолын кесуге;

3) қажет болған кезде азаматтар мен лауазымды адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруге;

4) құқық бұзған немесе қылмыстар жасаған жағдайда азаматтарды ұстауға, ішкі істер органдарына, өзге де құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың қызметтік үй-жайларына әкелуге;

5) ұйымдарға, ал шұғыл жағдайларда азаматтарға да тиесілі байланыс құралдарын қызмет мақсатында пайдалануға;

6) қылмыстарды болғызбау, қылмыстар жасаған немесе олардың жасалуына күдікті адамдарды қудалаумен ұстау үшін, жедел медициналық жәрдем қажет адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ оқиға болған жерге бару үшін қызмет мақсатында ұйымдардың көлік құралдарын (шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың дипломатиялық, консулдық және өзге де өкілдіктеріне тиесілі көлік құралдарынан басқа) пайдалануға;

7) егер кешеуілдеу күзетілетін адамдар мен объектілерге нақты қатер төндіруі мүмкін болса, күзетілетін адамдар мен объектілерге қатер төндіретін қылмыстардың жолын кесу кезінде, сондай-ақ осындай қылмыс жасаудағы күдіктілерді қудалау кезінде азаматтарға тиесілі тұрғын үй-жайлар мен өзге де үй-жайларға, меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың (шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың дипломатиялық, консулдық және өзге де өкілдіктерінен басқа) аумақтары мен үй-жайларына кедергісіз кіруге;

8) күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігі мақсатында "Жедел-іздістіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жедел-іздістіру іс-қимылдарын жасауға;

9) күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көлік пен жаяу жүргіншілердің көшелер мен жолдардағы қозғалысын уақытша шектеуге немесе бұған тыйым салуға, азаматтарды жерлердің жекелеген учаскелері мен объектілерге жібермеуге, олардың жерлердің нақты учаскелерінде немесе объектілерде қалуын немесе бұл учаскелер мен объектілерден кетуін міндеттеуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің дене күшін , арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы қолдануы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін олардың қызметтік міндеттеріне қатысы жоқ функцияларды орындау үшін тартуға тыйым салынады.

19-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігі мен құқықтық қорғалу кепілдіктері

Президенттің Күзет қызметінің қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде оны әкімшілік ұстауға, сондай-ақ жеке қарап-тексеруге, оның өзімен алып жүрген заттарын, пайдаланатын қызметтік көлік құралдарын қарап-тексеруге жол берілмейді.

Президенттің Күзет қызметі қызметкерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ Президенттің Күзет қызметі қызметкерінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы

мен мүлкіне келтірілген залал бюджет қаражатынан толық көлемінде өтеліп, кейіннен залал келтірген адамнан толық көлемде өндіріліп алынады. Залалды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

б) 20 және 21-баптар алып тасталсын.

13. "Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы" 1995 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184, 190-құжаттар; 1998 ж., № 11-12, 174-құжат; № 24, 436-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 1, 2-құжат; № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (бұдан әрі – Республикалық ұлан) – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын және өз құзыреті шегінде күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган."

14. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 143-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 18, 366-құжат; 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 21, 782-құжат; 2001 ж., № 10, 121-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2003 ж., № 15, 131-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 94-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 11, 59-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

1) 13-баптың бірінші бөлігіндегі "сондай-ақ Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін "арнаулы мемлекеттік органдарының," деген сөздермен толықтырылсын, "басшы құрамдағы адамдары" деген сөздер "қызметкерлері" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 14-баптың бірінші бөлігіндегі "прокуратура," деген сөз "арнаулы мемлекеттік органдарының, прокуратура," деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 20-баптың бірінші бөлігіндегі "прокуратура," деген сөз "арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура органдарының қызметкерлері," деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат;

2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казақстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) астыртын әрекет ету – құпия ақпарат көздерін жедел шифрлау және оларға қолжетімділікті жабу жолымен қарсы барлау күштерін, құралдарын, іс-қимылдарын, жоспарлары мен ниеттерін жасыру және қадағалаудың ерекше тәртібін белгілеу;

2) қарсы барлау қызметі – Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздерін, экономикалық және қорғаныс әлеуетін шет мемлекеттердің және өзге де шетелдік ұйымдардың арнаулы қызметтерінің барлау және нұқсан келтіру әрекеттерінен қорғау жөніндегі жедел және ұйымдастырушылық іс-шаралар жүйесі.";

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі қағидаттары

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметі заңдылық, құпиялылық, астыртын әрекет ету, дара басшылық, баршаның заң алдындағы теңдігі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау, саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер қызметінен тәуелсіз болу қағидаттарына негізделіп құрылады.";

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының бірыңғай жүйесін: Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – Ұлттық қауіпсіздік комитеті), оның ведомстволары, ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдары, арнаулы мақсаттағы бөлімшелер, оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері және басқа да ведомстволық бағыныстағы ұйымдар құрайды.";

4) 8-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволарына, ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдарына, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарына басшылықты жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) ұлттық қауіпсіздік органдарын мүлікпен қамтамасыз етуді жоспарлауды, оны пайдалануды, сақтауды, есепке алуды және есептен шығаруды ұйымдастырады;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) заңды тұлға болып табылады, оның нақты және шартты атаулары, өзінің нышандары мен айырым белгілері болады.";

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының нышандарын, айырым белгілері мен ведомстволық наградаларын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.";

5) 8-1-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заңды тұлғалар болып табылады, оның нақты және шартты атаулары болады.";

6) 10-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) әскери құралым болып табылады;"

7) 10-1-бап алып тасталсын;

8) мынадай мазмұндағы 10-2-баппен толықтырылсын:

"10-2-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға арналған.";

9) 12-бапта:

3) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың барлау және өзге де қызметін анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу жөнінде қарсы барлау қызметін жүзеге асыруға;"

"7) мемлекеттік органдарда, әскери құралымдарда, бөлімдер мен ұйымдарда мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді қарсы барлаулық қорғау жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға, сондай-ақ аталған салада олардың қызметін бақылауға міндетті. Мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсат алуды ресімдейтін (қайта ресімдейтін) Қазақстан Республикасының азаматтарына арнайы тексеру жүргізуге;"

мынадай мазмұндағы 16-1) және 17-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-1) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілеген тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарында жауынгерлік кезекшілікті ұйымдастыруға және атқаруға;"

"17-1) барлау, қарсы барлау және өзге де жедел-ізвестіру қызметін жүргізу кезінде, осы қызметтің нәтижелері көрсетілген материалдарды іске асыру кезінде астыртын әрекет етуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының немесе жедел-қызметтік қызмет материалдарына оларға жария сипат берілгенге дейін қолжетімділікті шектеуді қамтамасыз ететін уәкілетті лауазымды адамның өкімдік

қызметі арқылы ақпарат көздерінің құпиясын ашуға жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қолдануға;"

10) 13-бапта:

1) тармақшадағы "оларды тергеу заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстардың алдын алу, тыю және ашу мақсатында" деген сөздер " Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілеген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жолын кесу шарасы ретінде қамауға алу таңдалған немесе ұлттық қауіпсіздік органдары қылмыс жасады деген күдікпен ұстаған адамдарға қатысты оларды ұстау үшін уақытша ұстау изоляторлары және тергеу изоляторлары бар болуға. Жекелеген жағдайларда, олар ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімімен, - құқық қорғау органдары, соттар ұстаған және қамауға алынған адамдарды, сондай-ақ сотталғандарды ұстау үшін пайдаланылады;"

"17) ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жеке басын, олардың бөлімшелерінің, үй-жайлары мен көлік құралдарының ведомстволық қарастылығын шифрлау мақсатында әзірленуі және (немесе) ресімделуі бірлескен нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құжаттарын пайдалану;"

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ұлттық қауіпсіздік органдарына құжаттардың бланктері мен қызметтік куәліктерді, оларды толтыру үлгілерін беру туралы орындалуы міндетті сауалдарды жолдау;"

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда, арнайы байланыс, қару-жарақ және жарактандыру құралдарын әзірлеу, жасау, сатып алу және пайдалану. Осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен және ұйымдарымен шарттар, келісімшарттар жасасу;"

11) 14-бап алып тасталсын;

12) мынадай мазмұндағы 3-1-тараумен толықтырылсын:

"3-1-тарау. ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ДЕНЕ КҮШІН, АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАРДЫ, ҚАРУ МЕН ЖАУЫНГЕРЛІК ТЕХНИКАНЫ ҚОЛДАНУЫ

15-1-бап. Дене күшін, арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы қолдану шарттары мен шектері

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері қаруды, жауынгерлік техника мен арнайы құралдарды алып жүруге, сақтауға, қолдануға, сондай-ақ дене күшін қолдануға құқылы.

2. Олар арнайы дайындықтан, дене күшін, арнайы құралдар мен қаруды қолдануға байланысты жағдайлардағы іс-қимылдарға жарамдылығын мерзімді тексеруден өтуге міндетті.

3. Қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында немесе қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері немесе әскери қызметшісі өзінде қажетті арнайы құралдары немесе қаруы болмаса, қолына түскен кез-келген құралдарды пайдалануға, сондай-ақ осы Заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен қарулануға алынбаған басқа қаруды қолдануға құқылы.

4. Егер қорғану күзетілетін адамдарға, басқа азаматтарға, күзетілетін объектілерге немесе ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкеріне немесе әскери қызметшісіне өзіне қастандық жасалудың сипатына және қауіптілігіне сай келетін болса, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері мен әскери қызметшісі заңдарда көзделген жағдайларда дене күшін, арнайы құралдар, қару және жауынгерлік техниканы қолдануға байланысты келтірілген моральдық, материалдық зиян және дене зақымы үшін жауапты болмайды.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы өкілеттілігін асыра қолдануы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

6. Терроризмге қарсы операциялар жүргізу аймағында терроризмге қарсы операцияларға қатысушы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің террористерге қатысты дене күшін, жауынгерлік және басқа да техниканы, қаруды және арнайы құралдарды, оның ішінде қызметтік жануарларды осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген ескертусіз және шектеусіз қолдануға құқығы бар.

15-2-бап. Дене күшін қолдану

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің азаматтардың өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандығына, жеке абыройына, оның және мемлекеттің меншігіне және қорғалатын мүдделеріне қол сұғатын қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, қоғамға қауіпті әрекет жасаған адамдарды ұстау үшін, егер күш қолданбау тәсілдері сыртқы барлау органына жүктелген міндеттерді орындауды қамтамасыз етпесе, құқық бұзушылықтардың сипаты мен нақты жағдайды, заңды талаптарға қарсы іс-қимылды еңсеруді ескере отырып, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға құқығы бар.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері мен әскери қызметшісінің осы Заңда арнайы құралдарды немесе қаруды қолдану рұқсат етілген барлық жағдайларда дене күшін қолдануға құқығы бар.

15-3-бап. Арнайы құралдарды қолдану

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері қарулануға алынған арнайы құралдарды мынадай жағдайларда:

- 1) азаматтарға және күзетілетін адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;
- 2) ұлттық қауіпсіздік органдары күзететін ғимараттарға, құрылыстарға, үй-жайларға басқа да объектілер мен көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару үшін, сол сияқты оларды басып алған жағдайларда осы объектілер мен құралдарды азат ету үшін;
- 3) қылмысты анықтау және алдын алу үшін;
- 4) заңсыз қару, оқ-дәрі, жарылғыш, улы және радиоактивті заттары бар адамдарды қарусыздандыру үшін;

5) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне немесе әскери қызметшілеріне, олардың отбасыларының мүшелеріне не күзет іс-шараларын қамтамасыз етуге тартылған басқа адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

6) құқық бұзушыларды, ұлттық қауіпсіздік органдарының немесе құқық қорғау органдарының әскери қызметшілеріне немесе қызметкерлеріне өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді атқаруға қарсылық көрсететін немесе қасақана кедергі келтіретін адамдарды ұстау үшін;

7) егер ұсталған, қамауға алынған адамдар, сондай-ақ сотталған, күдікті және айыпталушы адамдар қашып кетуі немесе айналасындағыларға немесе өзінің денсаулығына зиян келтіруі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, оларды күзетпен апару және күзету кезінде, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына кедергі келтіретін адамдарға қатысты;

8) кепілге алынған адамдарды босату, азаматтардың, күзетілетін адамдар мен объектілердің өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандығына, жеке басының абыройы мен меншігіне қол сұғатын жаппай тәртіпсіздіктің, топтық іс-әрекеттердің жолын кесу үшін;

9) егер басқа тәсілдермен күзетілетін адамдар үшін нақты қауіпті тойтару мүмкін болмаса, жүргізушісі ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің тоқтау туралы талабын орындамаған көлік құралын тоқтату үшін;

10) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында қолдануға құқылы.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің, азаматтар мен күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, күзетілетін адамға қарата, сондай-ақ жүктілік белгілері анық білінетін әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білінетін адамдарға және жас балаларға қатысты арнаулы құралдарды қолдануға тыйым салынады.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдары қолданатын арнайы құралдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

15-4-бап. Қару қолдану және жауынгерлік техниканы пайдалану

1. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің қару мен жауынгерлік техниканы соңғы шара ретінде мынадай жағдайларда:

1) азаматтарға, күзетілетін адамдарға, сондай-ақ күзету ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне немесе әскери қызметшілеріне тапсырылған басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

2) ұлттық қауіпсіздік органдары күзететін ғимараттарға, құрылыстарға, үй-жайлар мен басқа да объектілерге және көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару үшін;

3) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне немесе әскери қызметшілеріне, олардың отбасы мүшелеріне, осы орган күзет іс-шараларын қамтамасыз етуге тартқан басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының қаруын, көлік құралын, арнайы және жауынгерлік техникасын тартып алу әрекеттерінің жолын кесу үшін;

4) азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сондай-ақ кепілге алынған адамдарды, басып алынған күзетілетін объектілерді, ғимараттарды және арнаулы жүктерді азат ету үшін;

5) қылмыс жасау кезінде үстінен түскен не тікелей қылмыс жасағаннан кейін қарулы қарсылық көрсеткен адамдарды, сондай-ақ өзіндегі қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш, улы және радиоактивті заттарды тапсыру туралы заңды талапты орындаудан бас тартқан қарулы адамды ұстау үшін;

6) сыртқы белгілері мен іс-әрекеттерінің жиынтығы басқа азаматтардың, күзетілетін адамдардың және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің өмірі мен денсаулығына төндіретін нақты қауіптің болуын айғақтайтын адамдарды оқшаулау және ұстау үшін;

7) қылмыс жасады деп күдік келтірілетін және айыпталатын адамдардың қамауда отырған жерден қашуының немесе қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған адамдардың, оларға қатысты қамауға алу түріндегі жаза қолданылған, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың күзеттен қашуының, сондай-ақ аталған адамдарды күшпен босатуға ұмтылудың жолын кесу үшін;

8) егер жүргізушісі күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп тудырса және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің тоқтау туралы талабы бойынша тоқтаудан бас тартса, көлік құралын тоқтату үшін;

9) жануарлардың шабуылынан қорғану үшін;

10) дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін;

11) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында қолдануға құқығы бар.

2. Азаматтардың, ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің және күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін, сондай-ақ олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен,

топпен шабуыл жасаған, кепілге адамдарды, объектілерді, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемелерін алған жағдайларды қоспағанда, күзетілетін адамға қарата, сондай-ақ әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білінетін адамдарға және кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері немесе әскери қызметшілері қару қолданған барлық жағдайларда айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін камтамасыз ету және зардап шеккендерге кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету үшін қажетті шараларды қолдануға, қару қолданғаны туралы тікелей бастығына баяндауға міндетті.

4. Адамдардың өліміне немесе өзге де ауыр салдарларға әкеп соққан қару, арнайы құралдар, дене күшін қолданудың әрбір жағдайы туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарланады.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қарулануға алынған қарудың, жауынгерлік техниканың түрлері мен ұрыс оқ-дәрілері жиынтығының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

13) 16, 17 және 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрлар құрамы

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрларын қызметкерлер, әскери қызметшілер және жұмыскерлер құрайды.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдарына қызметке жасы он сегізге толған, бірақ заңдарда белгіленген атақтар бойынша шекті жастан аспаған, қажетті жеке, моральдық және кәсіби қасиеттері, білім деңгейі, денсаулық жағдайы бар және дене бітімі дамыған Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдарының штаттық санының лимитін Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ұлттық қауіпсіздік органдары, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер қызметкерлері, әскери қызметшілері және жұмыскерлерінің штат санын Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен ұлттық қауіпсіздік органдары штат санының лимиті шегінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілейді.

17-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері және әскери қызметшілері

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері қызметін "Арнаулы мемлекеттік органдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өткереді.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері әскери қызметін "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 7, 14 – 19, 22, 24, 29 – 37-баптарында, 5, 7 және 9-тарауларында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, әскери қызмет өткеру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткереді.

2. Әскери қарсы барлау органдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарынан ауыстырылған әскери қызметшілерден жасақталуы мүмкін.

3. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері белгіленген тәртіппен арнаулы мемлекеттік органдарда қызметте және мерзімді әскери қызметте қалдырыла отырып, басшыларының келісімімен мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұйымдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

4. Қызметкерлер ұлттық қауіпсіздік органдарында арнайы есепте тұрады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының офицерлік құрамы мен солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілері ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрларында, қолданыстағы резервте немесе запаста тұрады.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қолданыстағы резервіне қызметкерлерді және әскери қызметшілерді қабылдау және олардың қызметті өткеру тәртібін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілейді.

18-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы

1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері мемлекеттің қорғауында болады.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің заңды талаптары азаматтардың, лауазымды адамдардың және ұйымдардың орындауы үшін міндетті. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің заңды талаптарын орындамау, оларды қорлау, қарсылық көрсету, күш көрсетумен қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен абыройына, мүлкіне қол сұғу, оларға жүктелген міндеттердің орындалуына кедергі келтіретін, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілерінің қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын орындауларына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысына, абыройы мен мүлкіне қол сұғу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің денсаулығына және мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының денсаулығына және мүлкіне келтірілген залал бюджет қаражатынан толық көлемде өтеліп, кейіннен

бұл сома залал келтірген адамнан өндіріп алынады. Залалды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарында, қылмыстық топтарда тапсырмалар орындап жүрген (орындаған) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана жария етілуі мүмкін.

4. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері партияларда, кәсіптік одақтарда тұруға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетуге тиіс емес.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері қылмыстар және өзге де құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерін әскери тәртіпті бұзғаны үшін жауапқа тарту тәртібі әскери жарғыларда белгіленеді. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерін тәртіп бұзғаны үшін жауапқа тарту тәртібі "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

6. Мемлекет ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің әлеуметтік қорғалуына кепілдік береді.":

14) 19-бап алып тасталсын;

15) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын

"20-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғау шаралары

1. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарында, қылмыстық топтарда тапсырмалар орындаған уақыты Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зейнетақы тағайындау, әскери немесе арнаулы атақ беру және лауазымдық жалақы есептеу үшін жеңілдікпен есептеле отырып, еңбек сіңірген жылдарына жатқызылады.

2. Комитет Төрағасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілеген тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жекелеген санаттарына арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке және әскери қызметке алынғанға дейінгі еңбек қызметінің өтілін еңбек сіңірген жылдарына есептеуі мүмкін.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық және санаториялық-курорттық қызметті пайдаланады.

4. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері немесе әскери қызметшісі қызметтік міндеттерін немесе кәсіби парызын орындау кезінде қаза тапқан жағдайда

қаза тапқан адамның отбасының ол қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасында белгіленген шарттармен және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқығы бар.";

16) 21-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.";

17) 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Темір жол, су және әуе көліктерінде, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қорғаныс және стратегиялық объектілерде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшелері, сол сияқты бұларды ұстау мен пайдалану жөніндегі шығыстарды көтеретін тиісті органдар мен ұйымдардың есебінен жабдықталған, оның ішінде байланыс құралдарымен жабдықталған қызметтік үй-жайлармен, сондай-ақ жол жүру үшін бір жылдық қызметтік билеттермен қамтамасыз етіледі. Әскери қарсы барлау органдары сонымен бірге автокөлікпен, жанар-жағармай материалдарымен, қару-жарақпен және тұрмыс-тіршілігі үшін қажетті басқа да мүлікпен, сондай-ақ тұрғын үймен және әкімшілік үйлердің күзетімен осы мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына бөлінетін бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.";

18) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін прокурорлық қадағалау

Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл және біркелкі қолданылуына, ұлттық қауіпсіздік органдарының анықтау, тергеу, әкімшілік іс жүргізу және жедел-іздістіру қызметінің заңдылығына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен ол өкілеттік берген прокурорлар жүзеге асырады.";

19) 28-баптың 2 және 3-тармақтары алып тасталсын.

16. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008

ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мәртебесі

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары (бұдан әрі – ішкі істер органдары) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтауды, алдын ала тергеуді және жедел-іздікестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңсыз қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар болып табылады."

17. "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 18, 368-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 1999 ж., № 20, 728-құжат; № 23, 931-құжат; 2000 ж., № 6, 142-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 14, 112-құжат; № 24, 177-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 13, 67-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат):

9-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өрттің алдын алуды, өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылауды және өрт сөндіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар болып табылады."

18. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының

кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 1-тармағы 5) тармақшадағы "бақылауына байланысты қатынастарды реттейді." деген сөздер "бақылауына;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен тұрғын үй қатынастарын реттеу ерекшеліктеріне байланысты қатынастарды реттейді.";

2) 2-бапта:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) жеке арнайы шот – арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері тұрғын үй төлемдерін аудару және белгіленген мақсатқа төлемдерді жүзеге асыру үшін екінші деңгейдегі банкте ашатын ағымдағы банктік шоты;"

21) тармақша "және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға" деген сөздердің алдынан ", арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 44-1) және 44-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"44-1) тұрғын үй төлемдері – бұл мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен арнаулы мемлекеттік органдардың тұрғын жайға мұқтаж қызметкерлеріне оны берудің орнына арнаулы ақшалай қамтамасыз ету түрінде төленетін, өңірлер және отбасы құрамы бойынша сараланған ақшалай қаражат мөлшері;

44-2) тұрғын үй төлемдерін алушылар – осы Заңда белгіленген тәртіппен тұрғын үйге мұқтаждар деп танылған арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері;"

3) 3-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Арнаулы мемлекеттік органдарда қалыптастыру және беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қызметтік тұрғын жайлар болады. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, арнаулы мемлекеттік органдардың тұрғын үй қорынан қызметкерлерге 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген тұрғын жайлар жекешелендіруге жатпайды.";

4) 13-бапта:

7-тармақтың бірінші бөлігінің 8) тармақшасындағы "берілген тұрғын үйлерді жекешелендіруге болмайды." деген сөздер "берілген;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, арнаулы мемлекеттік органдардың тұрғын үй қорынан қызметкерлерге 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген тұрғын үйлерді жекешелендіруге болмайды.";

8-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) күнтізбемен есептегенде жиырма және одан да көп жыл еңбек сіңірген әскери қызметшілер, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері құқылы.";

5) 67-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктің 3) тармақшасы "және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға" деген сөздердің алдынан ", арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға" деген сөздердің алдынан "арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 74-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы "және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға" деген сөздердің алдынан ", арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне" деген сөздермен

толықтырылсын;

7) 101-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қызмет өткерген кезеңде сол елді мекенде қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын жай берілген әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері әскери қызметтегі он жыл қызмет өтілінен кейін, ал еңбек сіңірген жылдары, сырқаты немесе штаттың қысқаруы бойынша қызметтен шығарылған кезде – қызмет мерзіміне қарамастан оны жекешелендіруге (әскери қалашықтардағы, шекаралық заставалардағы және өзге де жабық объектілердегі тұрғын жайларды қоспағанда) құқылы.

Мұндай тұрғын жайларды оның жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекаралық заставаларда орналасуының салдарынан жекешелендіру мүмкін болмаған жағдайларда, жекешелендіру құқығы басқа жерлерден сатып алу (салу) үшін тиісті тұрғын жайдың құнымен өтеледі.

Күнтізбемен есептегенде жиырма және одан да көп жыл еңбек сіңірген әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері тұрғын үй-жайды өтеусіз жекешелендіруге құқылы.

Қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын жай берілген әскери қызметші немесе арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қайтыс болған жағдайда жекешелендіру құқығы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның жұмыс істеген мерзіміне қарамастан қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне ауысады.

Осы тармақта көзделген жеңілдіктер бір рет қолданылады.

Көрсетілген жеңілдіктер кемінде жиырма жыл қызмет атқарған, әскери атақтарға ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға да қатысты қолданылады.";

8) мынадай мазмұндағы 13-1-тараумен толықтырылсын:

"13-1-тарау. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен тұрғын үй қатынастарын реттеу ерекшеліктері

101-1-бап. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тұрғын жайға құқықтарын іске асыру

1. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тұрғын жайға құқықтарын іске асыру осы Заңда белгіленген тәртіппен олар тұрғын үйге мұқтаж деп танылған күннен бастап тиісті арнаулы мемлекеттік органға бөлінетін мемлекеттік бюджет қаражатынан олардың жеке арнайы шотына тұрғын үй төлемдерін ай сайын аудару арқылы жүзеге асырылады.

Тұрғын үй төлемдерінің мөлшері Қазақстан Республикасының тиісті өңіріндегі тұрғын жай алаңына тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалға алу құнының мөлшерін көбейту арқылы айқындалады. Тұрғын жай алаңы отбасы мүшелерінің әрқайсысына он сегіз шаршы метр пайдалы алаң есебінен айқындалады.

Тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін айқындау, тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру және тоқтату қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Тұрғын үй төлемдері арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің таңдауы бойынша екінші деңгейлі банктердің бірінде ашылған оның жеке арнайы шотына оларды аудару жолымен ай сайынғы негізде жүргізіледі.

Арнаулы мемлекеттік органның тұрғын үйге мұқтаж деп танылған әрбір қызметкері тұрғын үй төлемдерін төлеу үшін жеке арнайы шотты дербес ашады және оған қызмет көрсетеді.

3. Тұрғын үй төлемдерін арнаулы мемлекеттік орган олар тағайындалған күннен бастап бір ай мерзімде жүргізеді.

4. 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде қызметтік тұрғын жаймен не қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын жаймен қамтамасыз етілген арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері осы тұрғын жайда тұру құқығын және осы Заңда белгіленген тәртіппен оны жекешелендіру құқығын сақтайды.

5. Әскери қызмет өтілі он жылдан кем қызметкерлерді қоспағанда, тұрғын үйге мұқтаж, бірақ 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде қамтамасыз етілмеген арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері оларды тұрғын үйге мұқтаж деп таныған күннен бастап қызметтің барлық кезеңіне тұрғын үй төлемдерін алады.

6. 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрғын үйге мұқтаж деп танылған арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері қызметтен босатылған кезде, егер тұрғын үй төлемдері жүргізілсе, қызметтен босатылған күнге төленген айырмашылық шегеріле отырып, оларды тұрғын үйге мұқтаж деп таныған күннен бастап қызмет етудің барлық кезеңіне тұрғын үй төлемдерін алады.

7. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері еңбек сіңірген жылдары, сырқаты немесе штаттың қысқартылуы бойынша қызметтен босатылған кезде оларды тұрғын үйге мұқтаж деп таныған күннен бастап қызметтен босатылған күнге төленген айырмашылығы шегеріліп, қызмет өткерудің барлық кезеңіне тұрғын үй төлемдерін алу құқығын сақтайды.

Егер қызмет өткеру кезеңінде пайда болған сырқат қызметкерлердің қызметтен босауына себеп болып табылса, қызметтен босатылу сәтінде іс жүзінде аударылған сома шегеріле отырып, еңбек сіңірген күнтізбелік жиырма жылына тең мерзім ішінде оларға тұрғын үй төлемдері аударылады.

8. Тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен айқындалған жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және өзге де шалғай объектілерде қызмет өткеретін арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері оны жекешелендіру құқығынсыз осы өңірде қызмет өткеру кезеңіне осы Заңда белгіленген тәртіппен тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Қызметкерлердің осы санаттарына тұрғын үй төлемдері осы тарауға сәйкес жүргізіледі.

101-2-бап. Тұрғын үй төлемдерін алушылар

1. Тұрғын үй төлемдерін алушыларға арнаулы мемлекеттік органдардың тұрғын үйге мұқтаж мынадай:

1) жоғары оқу орындарын бітірген және 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап осыған байланысты алғашқы арнаулы атақ алған;

2) 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру туралы алғашқы келісімшарт жасасқан;

3) қызметке жаппай шақырылғандар немесе қызметке ерікті түрде келгендер және арнаулы қызмет өткеру туралы алғашқы келісімшартты 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап жасасқан қызметкерлері;

4) арнаулы қызметтің жалпы ұзақтығы келісімшарт бойынша 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап үш жылды құрайтын прапорщиктер (сержанттар) және мичмандар (матростар);

5) 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін арнаулы қызмет өткеру туралы алғашқы келісімшарт жасасқан прапорщиктер (сержанттар) және мичмандар (матростар) жатады.

2. Егер ерлі-зайыптылардың екеуі де арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері болып табылса, онда заңда белгіленген тәртіппен тұрғын үйге мұқтаж деп танылған олардың біреуіне ғана тұрғын үй төлемдері жүргізіледі.

101-3-бап. Тұрғын үй төлемдерін тоқтату негіздері

Тұрғын үй төлемдері:

1) қызметкерлер арнаулы мемлекеттік органдардан босатылған;

2) арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері тұрғын үйге мұқтаждар мәртебесінен айырылған;

3) арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің қаза табуына немесе қайтыс болуына, заңда белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына немесе өлді деп жариялануына байланысты жеке құрам тізімдерінен шығарылған жағдайларда тоқтатылады.

101-4-бап. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тұрғын үй төлемдерін пайдалану мақсаттары

Тұрғын үй төлемдерін алушы заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген тиісті шарттар негізінде жеке арнаулы есеп шоттағы қаражатты:

1) ипотекалық кредитті (қарызды) пайдалана отырып, тұрғын үй-жайды немесе тұрғын үй-жайларды меншікке алу;

2) қаражатты тұрғын үйді жалдау ақысын төлеу немесе кейіннен сатып алу мақсатында тұрғын үйді жалдау ақысын төлеу үшін пайдалану;

3) қаражатты бұрын алынған ипотекалық кредитті (қарызды) өтеу үшін пайдалану;

4) қаражатты тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кезінде жарналарды төлеу үшін пайдалану;

5) қаражатты тұрғын үй меншік иелерінің кооперативіне қатысу кезінде жарналарды төлеу үшін пайдалану;

6) қаражатты тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары түріндегі жинақтарды толтыру үшін пайдалану;

7) қаражатты тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін пайдалану мақсаттарында пайдаланады.

101-5-бап. Тұрғын үй төлемдерін алушылар болып табылатын арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің құқықтары

Тұрғын үй төлемдерін алушылар болып табылатын арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлері:

1) жыл сайын қызмет өткеріп жатқан арнаулы мемлекеттік органда өзінің жеке арнайы шотына аударылған қаражат туралы мәліметті талап етуге;

2) жеке арнайы шотқа пайдаланылмаған тұрғын үй төлемдерінің сомасын жинақтауға;

3) қызмет өткеретін жеріне қарамастан Қазақстанның кез келген өңірінде тұрғын үй төлемдерін мақсаты бойынша пайдалануға;

4) арнаулы мемлекеттік органның және жеке арнайы шот ашылған банктің келісімімен тұрғын үй төлемдерінің пайдаланылмаған сомаларын екінші деңгейдегі бір банктен басқасына ауыстыруға құқылы.

101-6-бап. Тұрғын үй төлемдерін алушылар болып табылатын арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің міндеттері

Тұрғын үй төлемдерін алушы:

1) отбасы құрамы өзгерген кезде бұл туралы азаматтық хал актілерінде тіркелген және әділет органдарында тиісті куәлік алған күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде қызмет өткеріп жатқан арнаулы мемлекеттік органды хабардар етуге;

2) тұрғын үйге мұқтаж мәртебесі жойылған кезде бұл туралы тұрғын үйге мұқтаж мәртебесі жойылған күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде қызмет өткеріп жатқан арнаулы мемлекеттік органды хабардар етуге;

3) оларды арнаулы мемлекеттік орган, арнаулы мемлекеттік органның қызметкері мен арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің жеке арнайы шоты ашылған екінші деңгейдегі банк арасында жасалған шартқа сәйкес осы Заңның 101-4-бабында көзделген мақсаттарға бағыттауға міндетті.

101-7-бап. Тұрғын үй төлемдеріне қол сұғылмаушылық кепілдіктері

Төлем алушылардың тұрғын үйге жеке мұқтаждықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шарттарды қоспағанда, тұрғын үй төлемдері бюджетке алып қоюға жатпайды, кепілге қою немесе иесінің немесе басқа да адамдардың міндеттемелері бойынша өзге де ауыртпалық нысаны болып табылмайды.

101-8-бап. Қызмет өткеру кезінде қаза табуына немесе қайтыс болуына, хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына немесе өлді деп жариялануына байланысты жеке құрам тізімдерінен шығарылған арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері отбасы мүшелерінің құқықтары

1. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қаза табуына немесе қайтыс болуына, заңда белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына немесе өлді деп жариялануына байланысты олар жеке құрам тізімдерінен шығарылған жағдайда, олардың отбасы мүшелері жеке арнайы шоттағы тұрғын үй төлемдерін осы Заңның 101-4-бабында көзделген мақсаттарға пайдалануға құқығы бар. Бұл ретте, мұндай қызметкерлердің жеке арнайы шоттары жабылады.

2. Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына тұрғын үй төлемдері қаза тапқан адамның қызмет өткеру кезеңінде бұрын жүзеге асырылған барлық тұрғын үй төлемдерін шегере отырып, 1 шаршы метр үшін тиісті қаржы жылына арналған заңнамада белгіленген баға бойынша тұрғын үйдің пайдалы аумағының нормасымен ол қайтыс болған кездегі отбасы құрамына тиісті сатып алу құнына тең мөлшерде бір жолғы ақшалай өтемақы түрінде жүргізіледі.

101-9-бап. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасы мүшелері

Осы Заңның мақсаттарында арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне:

- 1) зайыбы немесе жұбайы;
- 2) кәмелетке толмаған балалары;
- 3) он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болған он сегізден асқан балалары жатады.

".

19. "Азаматтық қорғаныс туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 9, 93-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 1999 ж., № 4, 101-құжат; 2000 ж., № 6, 142-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 104-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат):

16-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті органдағы, оның аумақтық органдары мен ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелеріндегі лауазымдардың бір бөлігі әскери қызметшілерден және қызметкерлерден, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінен, Ішкі істер министрлігінен, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан ауыстырылған (іссапарға жіберілген) әскери қызметшілерден жасақталады."

20. "Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 104-құжат; 2007 ж. № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 17-18, 108-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 1-баптың үшінші және оныншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"жұмылдыру дайындығы – бейбіт уақытта жүргізілетін және соғыс уақытында мемлекетті тұрақты басқаруға, ел экономикасын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік органдарының және халқының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге ұйымдасқан түрде көшіруге, елді қарулы қорғауға және оның қорғанысына, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытында әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені";

"Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспары – Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды жұмылдыра өрістету жөніндегі шараларды іске асыруға, Қазақстан Республикасының экономикасын, мемлекеттік органдарын, ұйымдарын, әкімшілік-аумақтық бірліктері мен халқын жұмылдыру тапсырыстарын (тапсырмаларын), сондай-ақ жұмылдыру дайындығының өзге де іс-шараларын орындау жолымен жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңіндегі және соғыс уақытындағы қызмет режиміне көшіруге бағытталған іс-шаралар жоспары";

2) 4-баптың 3), 4), 8), 15) және 16) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының халқын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, арнаулы мемлекеттік органдарын жұмылдыруға, соғыс жағдайына және соғыс уақытына дайындау;

4) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, арнаулы мемлекеттік органдарын жасақтау үшін азаматтарды әскери-есеп мамандықтары бойынша жұмылдыруға дайындау;"

"8) жұмылдыру жарияланған кезде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына, арнаулы мемлекеттік органдарына, сондай-ақ жұмылдыру тапсырыстарын орындайтын ұйымдарға беруге арналған арнаулы құралымдар мен техникаларды дайындау;"

"15) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік органдарының жұмылдырылуын өрістетуді жүргізу;

16) күш пен құралдарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына, арнаулы мемлекеттік органдарына беруді қоса алғанда, экономиканы, ұйымдарды соғыс жағдайына көшіру;"

3) 7-баптың 13) және 16) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"13) жұмылдыру жарияланған кезде Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды жұмылдыра өрістету жөніндегі іс-шаралардың және Қазақстан Республикасының экономикасын соғыс жағдайы режиміне көшіру туралы шешімдердің орындалуына және жүргізілуіне бақылау жасауды ұйымдастырады;"

"16) Қазақстан Республикасының ұйымдарында, Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскер құралымдарында, арнаулы мемлекеттік органдарында жұмылдыра өрістету және жұмылдыру іс-шараларын орындау жөнінде әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар (жаттығулар) өткізуді ұйымдастырады;"

4) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскер құралымдарының, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдарының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды ұйымдастыру және оның тәртібі осы Заңмен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді."

5) 16-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтары Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету, экономиканың жұмылдыру мұқтаждарын қанағаттандыру үшін тек жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында ғана пайдаланылады."

21. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 154-құжат; 1999 ж., № 8, 239-құжат; № 23, 925-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 1-2, 13-

құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат):

1) 11-баптың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әскери қызмет міндеттерін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін (қызмет міндеттерін) атқаруға байланысты емес жазатайым жағдайдың салдарынан болған мертігу не әскери және қызметтік борышын орындауға байланысты емес ауру салдарынан мүгедек болған жағдайда әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің басшы және қатардағы құрамының адамдары арасынан шыққан мүгедектер;

4) әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткеру кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауыруы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері, қызмет міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері арасынан шыққан мүгедектер;"

2) 16-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қызмет міндеттерін атқару немесе әскери қызметті, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткеру кезінде қаза тапқан немесе жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауыруы салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақының мөлшері отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне 0,25 ең төменгі күнкөріс деңгейіне, бірақ отбасының барлық мүшелеріне 1,96 ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерде көбейтіледі."

22. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 437-құжат; 1999 ж., № 8, 237-құжат; № 23, 925-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат, № 11, 39-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 69-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 28, 30-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114, 123-құжаттар; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 140-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат):

1) 5-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамдарға төленеді.";

2) 8-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамдарға төленеді.";

3) 11-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет;";

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) арнаулы мемлекеттік орган қызметкері зайыбының (жұбайының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде оның бірге тұрған кезеңі, бірақ 10 жылдан аспауға тиіс мерзімде;";

4) 4-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-БӨЛІМ. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ";

5) 60-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"60-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығы

1. Әскери қызметшілердің (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерді қоспағанда), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың:

1) әскери қызметте, арнаулы атақтар, сыныптық шендер беріліп, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген, қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына толған;

2) әскери қызметте, арнаулы атақтар, сыныптық шендер беріліп, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген, штаттың қысқартылуына, өз еркі бойынша және денсаулық жағдайына байланысты босатылған;

3) құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген офицерлері, прапорщиктері (мичмандары), арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдары, сондай-ақ әскери қызметті келісімшарт бойынша өткеріп жүрген, әскери қызметте және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беріліп, құқық қорғау органдарындағы қызметте тұрудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына жетуіне, штаттың қысқартылуына немесе денсаулық жағдайына байланысты босатылған, жиырма бес және одан да көп жыл жалпы еңбек өтілі бар, оның кемінде он екі жыл алты айын әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында үздіксіз қызмет атқарған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

2. Қызметтен босатылған және 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он және одан да көп жыл еңбек сіңірген әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға осы баптың 1-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы болмаған жағдайда Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері осы Заңға сәйкес жалпы негіздерде тағайындалады.

3. Әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар арасынан зейнеткерлерді әскери (арнаулы) атақ, сыныптық шен бере отырып мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде зейнетақы төлеу лауазымға тағайындалған күннен бастап тоқтатылады.

4. Әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған құқық қорғау органдары қызметкерлерінің осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша 2012 жылғы 1 қаңтарда әскери (арнаулы) атақ, сыныптық шен бойынша тіркелген осы санаттағы адамдар үшін әскери және құқық қорғау қызметтерінде тұрудың тиісті шекті жасына толуына байланысты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.";

6) 61-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте жиырма бес жылдан астам еңбек сіңірген жылдарының әр жылы үшін осы Заңның 60-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес тағайындалған толық көлемдегі зейнетақы төлемдерінің мөлшері осы Заңның 63-бабына сәйкес айқындалатын ақшалай қаражаттың екі пайызына, еңбек өтілінің әр жылы үшін бір пайызына көбейтіледі. Жиырма бес жылдан астам жалпы еңбек өтілінің әр жылы үшін

осы Заңның 60-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тағайындалған толық көлемдегі зейнетақы төлемдерінің мөлшері осы Заңның 63-бабына сәйкес айқындалатын ақшалай қаражаттың бір пайызына көбейтіледі.

5. Осы баптың 1-4-тармақтарына сәйкес есептеп шығарылған зейнетақы төлемдерінің жалпы мөлшерін осы Заңның 63-бабына сәйкес айқындалатын ақшалай қаражаттың алпыс бес пайызынан асыруға болмайды. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға айлық зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшерін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз төрт еселенген мөлшерінен асыруға болмайды.";

7) 62-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың еңбек сіңірген жылдары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен есептеп шығарылады.";

8) 63-баптағы "құқық қорғау органдарының" деген сөздер "арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 64-бапта:

1, 2 және 3-тармақтардағы "құқық қорғау органдарының" деген сөздер "арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"прокуратура органдарының" деген сөздер "арнаулы мемлекеттік органдардың және прокуратура органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "құқық қорғау органдарының" деген сөздер "арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 65-баптың 3, 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жылдан астам әскери қызмет немесе прокуратура, ішкі істер және бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті органдарындағы қызмет өтілі бар әскери қызметшілерді, арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген және прокуратура органдарының, ішкі істер және бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп қолданылатын арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін зейнетақымен камсыздандыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әскери қызметтегі, құқық қорғау органдарындағы қызметтегі өтілі он жылға жетпейтін әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының

қызметкерлері, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар үшін бюджет қаражаты есебінен осы Заңның 63-бабының 2-тармағында белгіленген ақшалай қаражаттың жиырма пайызы мөлшерінде жинақтаушы зейнетақы қорына салымшының таңдауы бойынша жеке зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын аудару тәртібі енгізіледі.

Әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлеу жеке зейнетақы жинақтары негізге алынып жинақтаушы зейнетақы қорларынан, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін алғаш рет қызметке қабылданған әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар үшін осы баптың 3-тармағына сәйкес зейнетақы жинақтарын қалыптастыру тәртібі қолданылады. Оларға зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы жинақтары негізге алынып, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленеді.";

11) 66-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"66-бап. Әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдар

1. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындауды тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

2. Әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарды жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру осы Заңда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады."

23. "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 22, 328-құжат, 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; 2003 ж., № 11, 65-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 19, 88-құжат, № 24, 130-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2012 жылғы 10 қаңтарда "Егемен

Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

7-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қасақана қылмыс жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған; теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан және әділет органдарынан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызметпен айналысу лицензиясынан айрылған; осы Заңның 12-бабының 3-тармағында және 5-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензиясының қолданысы тоқтатылған адам да осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы адвокат бола алмайды."

24. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 15, 209-құжат; 1999 ж., № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 5, 116-құжат; 2001 ж., № 13-14, 172-құжат; № 17-18, 241-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; 2007 ж., № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат, № 7, 54-құжат):

9-бап мынадай мазмұндағы 3-2 тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Арнаулы мемлекеттік органда қызметке кандидат болып табылатын адамның отбасы мүшелері тұрғылықты жері бойынша салық органына декларация мен осы баптың 3-тармағында аталған мәліметтерді табыс етеді.

Ескерту. Осы тармақта арнаулы мемлекеттік органда қызметке кандидат болып табылатын адамның отбасы мүшелері болып жұбайы (зайыбы), кәмелетке толған балалары мен оның асырауындағы және онымен тұрақты түрде бірге тұратын адамдар танылады."

25. "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 17-18, 221-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2002 ж., № 10, 106-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 5-6, 30-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2001 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 81-құжат; № 11, 102-құжат):

35-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Емдеу курсынан өту үшін наркологиялық мекемеге өз еркімен келген адамға оның өтініші бойынша жасырын емдеу қамтамасыз етіледі. Мұндай емдеу туралы

мәлімет осы адам қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартылған жағдайда, тек ішкі істер органдары мен өзге де мемлекеттік органдарға ғана берілуі мүмкін."

26. "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 435-құжат; 2001 ж., № 21-22, 286-құжат; 2003 ж., № 10, 53-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 8, 55-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 1-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) арнайы мемлекеттік мұрағат – мұрағат мекемесі немесе осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының бөлімшесі;"

2) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Арнайы мемлекеттік мұрағаттар құру Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен жүзеге асырылады."

27. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 6, 190-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; 2009 ж., № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 24, 152-құжат):

1) 11-баптың 1-тармағындағы "әскери қызметшілері" деген сөздер "қызметкерлері" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 32-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының алтыншы абзацындағы "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 8, 238-құжат, № 23, 925-құжат; 2000 ж., № 23, 411-құжат; 2001 ж., № 2, 14-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2004 ж., № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат):

1) 4-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертiгу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары; бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары,

қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары; Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары; сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасылары;"

2) 7-баптың үшінші бөлігінің б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің отбасыларына; бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына; қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына; Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына; сәуле ауруы салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің отбасыларына, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасыларына - 4,3 айлық есептік көрсеткіш;"

29. "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 649-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 15-16, 71-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

1) 4-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган.";

2) 7-бап мынадай мазмұндағы б-тармақпен толықтырылсын:

"б. Сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган террористік ұйымдардың, сондай-ақ олардың әрекет ету қағидаттары мен әдістерін насихаттайтын жекелеген адамдардың тарапынан Қазақстан Республикасының мүдделері мен қауіпсіздігіне келтірілетін нұқсанды болдырмау мақсатында барлау қызметін жүзеге асырады."

30. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., №

2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

1-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді күзетуді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері, Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдары жүзеге асырады."

31. "Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 15-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 17, 78-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

3-баптың 1-тармағының 2), 3) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды жарактандырудағы қару-жарақтың, әскери техниканың және оқ-дәрілердің тәжірибелік үлгілерін әзірлеу, жаңғырту жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

3) қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу, жаңғырту және оларға регламенттелген техникалық қызмет көрсету, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды жарактандырудан алып тасталған қару-жарақты, әскери техниканы және оқ-дәрілерді кәдеге жарату, залалсыздандыру және жою;"

"5) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін әскери және арнайы киім нысанын, айырым белгілерін және жеке қорғану құралдарын шығару кіреді."

32. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) күзетілетін объектілер – күзетілетін адамдардың болуына арналған үйлер, құрылыстар мен ғимараттар, сондай-ақ оларға іргелес жатқан аумақ пен акватория. Күзетілетін объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді;"

2) 56-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Елді мекендердің шегіндегі және олардан тыс жерлердегі қорғалатын объектілерді орналастыруға арналған аумақтар режимдік аумақтардың аймақтары болып табылады."

33. "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" 2002 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 145-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 62-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат):

1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары (бұдан әрі – қаржы полициясы органдары) заңда белгіленген өкілеттіктері шегінде жедел-ізвестіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтау, әкімшілік іс жүргізу арқылы экономикалық және қаржылық қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңсыз қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын құқық қорғау органы болып табылады."

34. "Соғыс жағдайы туралы" 2003 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 4, 22-құжат, 2005 ж., № 14, 56-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

1) 5-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, арнаулы мемлекеттік органдары соғыс жағдайы қолданылатын кезеңде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес агрессияға тойтарыс беру үшін қолданылады.";

2) 6-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік органдарының жұмылдыра өрістетуін жүргізу;"

35. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9-10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат):

15-баптың 1-тармағындағы "ішкі істер органдарының" деген сөздер "арнаулы мемлекеттік органдардың және ішкі істер органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

36. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 1-2, 1-құжат, 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 5, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 1-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) басқа да әскерлер мен әскери құралымдар – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, әскери қарсы барлау және әскери полициясы органдары, Республикалық ұлан, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері мен әскери-тергеу органдары, төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдері, әскери прокуратура органдары;"

2) 15-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Әскери қарсы барлау органдары орналасқан қорғаныс объектілерін күзету мен күтіп-ұстауды аталған объектілер жедел басқаруында болатын Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға осы мақсаттар үшін бөлінетін бюджет қаражаты есебінен олар жүзеге асырады."

37. "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 5, 3-құжат; № 13, 53-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

15-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот экстремистік ұйымдарға қатысушылар немесе экстремистік әрекеттер жасады деп таныған адамдарға мемлекеттік қызметке, әскери қызмет пен арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына қызметке кіруде шектеу қойылуы мүмкін."

38. "Әскери полиция органдары туралы" 2005 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 5, 4-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұдан басқа, Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полиция органдарының міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері жасаған қылмыстар бойынша анықтау ісін жүргізу;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша (арнаулы мемлекеттік органдардың көлік құралдарын жүргізетін адамдар жасаған жол жүру қағидаларын бұзу бөлігінде) іс жүргізу болып табылады.";

2) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полициясы органдарының өкілеттігі

Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полициясы органдарының анықтау ісін жүргізу бөлігіндегі өкілеттігі арнаулы мемлекеттік органдардың әскери қызметшілері мен қызметкерлеріне қолданылады."

39. "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 14, 60-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 15 және 16 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2011 жылғы 15, 16 және 19 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Азаматтардың ішкі істер, қаржы полициясы органдарының, қылмыстық-атқару жүйесі, арнаулы мемлекеттік органдардың оқу орындарының және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өрт-техникалық оқу орындарының күндізгі оқу бөлімдерінде оқыған уақыты мерзімді әскери қызметті өткеруге теңестіріледі.";

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматқа әскери қызметке кірген кезде қайта аттестаттау тәртібімен қазіргі бар арнайы атағынан төмен емес әскери атақ беріледі."

40. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 29 қазанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 24 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-бапта:

4) тармақшадағы "әскери құралымдар" деген сөздер "әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік басқару органының ұсынысы бойынша бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарын құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;"

2) 8-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі "сондай-ақ" деген сөзден кейін ", арнаулы мемлекеттік органдардың оқу орындарын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 21-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жоғары әскери және арнаулы оқу орындары білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін әскери және өзге де мамандықтар бойынша кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.";

4) 36-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери және өзге де мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру жоғары әскери және арнаулы оқу орындарының адъюнктурасында жүзеге асырылады.";

5) 43-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әскери мамандықтар және арнаулы мемлекеттік органдар оқу орындарының мамандықтары бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын бекітуден басқа, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;"

6) 65-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери және арнаулы оқу орындарының халықаралық шарттар мен келісімшарттарға сәйкес шетелдік азаматтардың қатарынан мамандар даярлауды жүзеге асыруға құқығы бар."

41. "Сыртқы барлау туралы" 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 10, 46-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат):

1) 2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сыртқы барлау органы арнаулы мемлекеттік орган болып табылады, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштеріне жатады, оның

нышаны, туы, ведомстволық наградалары мен төсбелгілері, нақты және шартты атаулары болады.";

2) 7-баптың 7-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) арнаулы атақтар берілетін сыртқы барлау органының лауазымдары тізбесін бекітеді;"

3) 8-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сыртқы барлау субъектілерінің әскери қызметшілерін, қызметкерлері мен жұмыскерлерін шифрлау, оның ішінде осы мақсаттар үшін өзге де ведомстволық тиесілілікті пайдалана отырып, олардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі шараларды іске асыру;"

4) 9-баптың 16), 20) және 21) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"16) сыртқы барлау органындағы қызметке немесе жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын іріктеу, арнайы тексеруден өткізу, кадрға есепке алынған қызметкерлер мен жұмыскерлерге мемлекеттік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсат беруді ресімдеу (қайта ресімдеу), Қазақстан Республикасының оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде, сондай-ақ басқа мемлекеттердің оқу орындарында, оның ішінде арнаулы оқу орындарында кадрлар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;"

"20) бөлімшелердің, объектілердің, үй-жайлардың, көлік құралдарының, қызметкерлер мен жұмыскерлердің, жасырын жәрдем көрсететін адамдардың ведомстволық тиесілігін шифрлайтын құжаттарды, өзге де әдістер мен құралдарды пайдалану;

21) қызметкерлер мен жұмыскерлерді іссапарға, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге жіберу;"

5) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің кадрлары

1. Сыртқы барлау органының кадрларын қызметкерлер мен жұмыскерлер құрайды.

2. Сыртқы барлау органының қызметкерлері мемлекеттік билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

3. Сыртқы барлау субъектілерінің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде міндеттерін атқару кезінде қамауға немесе кепілге алынған, сондай-ақ бейтарап елдерге тұруға еріксіз жіберілген қызметкерлері мен әскери қызметшілері қызметкерлер мен әскери қызметшілер мәртебесін сақтайды. Сыртқы барлау субъектілерінің және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың басшылары халықаралық құқық нормаларына сәйкес аталған қызметкерлер мен әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

4. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері барлау қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өздерінің ведомстволық тиесілілігін ашпай әрі әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметте қалдырыла отырып,

мемлекеттік органдарға және меншік нысанына қарамастан ұйымдарға лауазымдық қызметке тұруы және іссапарға жіберілуі мүмкін.

Аталған органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғалары қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сыртқы барлау субъектілеріне тиесілілігі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

5. Сыртқы барлау органының қызметкерлері кадрлар есебінде, қолданыстағы резервте және запаста тұрады. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қару мен арнайы құралдарды алып жүруге, сақтауға құқығы бар.

Сыртқы барлау органының басшысы қызметкерлердің жекелеген санаттарының сыртқы барлау органына қызметке алынғанға дейінгі еңбек өтілін олардың еңбек сіңірген жылдарына есептейді.";

б) 14, 15 және 16-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

Сыртқы барлау органдары қызметкерлерінің заңды талаптары азаматтардың, лауазымды адамдардың және ұйымдардың орындауы үшін міндетті. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамау, оларды қорлау, қарсылық көрсету, күш көрсетумен қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен абыройына, мүлкіне қол сұғу, оларға жүктелген міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басқа да іс-әрекеттер, сондай-ақ сыртқы барлау органы қызметкерлерінің қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының (ата-аналарының, балаларының, асырап алушыларының, асырап алынған балаларының, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілерінің және апа-сіңлілерінің, қарындастарының, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) өміріне, денсаулығына, ар-намысына, абыройына және мүлкіне қол сұғу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауларына байланысты олардың мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ сыртқы барлау органы қызметкерлерінің отбасы мүшелері мен жақын туыстарының (ата-аналарының, балаларының, асырап алушыларының, асырап алынған балаларының, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілерінің және апа-сіңлілерінің, қарындастарының, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) денсаулығына және мүлкіне келтірілген залал бюджет қаражаты есебінен толық көлемде өтеледі. Залалды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

15-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің құқығы

Сыртқы барлау органының қызметкерлеріне қару мен арнайы құралдарды алып жүру, сақтау және қолдану құқығы беріледі. Олар дене күшін, оның ішінде күрестің

жауынгерлік тәсілдерін қолдануға да құқылы. Қаруды, арнайы құралдарды және дене күшін қолдану тәртібі осы Заңда айқындалады.

16-бап. Дене күшін, арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы қолдану шарттары мен шектері

1. Сыртқы барлау органының қызметкерлері арнайы дайындықтан өтуге, дене күшін, арнайы құралдар мен қаруды қолдануға байланысты жағдайлардағы іс-қимылдарға жарамдылығын кезең-кезеңмен тексеруден өтуге міндетті.

2. Қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында немесе қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде сыртқы барлау органының қызметкері өзінде арнайы құралдар немесе қару болмаған жағдайда қолына түскен кез келген құралдарды, сондай-ақ осы Заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен қарулануға алынбаған басқа қаруды қолдануға құқылы.

3. Егер қорғау күзетілетін адамдарға, басқа азаматтарға, күзетілетін объектілерге немесе сыртқы барлау органы қызметкерінің өзіне қол сұғудың сипаты мен қауіптілігіне сәйкес келетін болса, сыртқы барлау органының қызметкері заңдарда көзделген жағдайларда дене күшін, арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы қолдануға байланысты келтірілген моральдық, материалдық зиян және дене зақымы үшін жауаптылықта болмайды.

4. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы өкілеттігін асыра қолдануы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Терроризмге қарсы операциялар жүргізу аймағында терроризмге қарсы операцияға қатысушы сыртқы барлау органы қызметкерлерінің террористерге қатысты дене күшін, жауынгерлік және өзге де техниканы, қару мен арнайы құралдарды, оның ішінде қызметтік жануарларды осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген ескертусіз және шектеусіз қолдануға құқығы бар."

7) мынадай мазмұндағы 16-1, 16-2, 16-3-баптармен толықтырылсын:

"16-1-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің дене күшін қолдануы

1. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің азаматтардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке басының абыройына, оның және мемлекеттің меншігіне және қорғалатын мүдделеріне қол сұғатын қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, қоғамға қауіпті әрекет жасаған адамдарды ұстау үшін, егер күш қолданбау тәсілдері сыртқы барлау органына жүктелген міндеттерді орындауды қамтамасыз етпесе, құқық бұзушылықтардың сипаты мен нақты жағдайды, заңды талаптарға қарсы іс-қимылды еңсеруді ескере отырып, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға құқығы бар.

2. Сыртқы барлау органы қызметкерінің осы Заңда арнайы құралдарды немесе қаруды қолдану рұқсат етілген барлық жағдайларда дене күшін қолдануға құқығы бар.

16-2-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің арнайы

құралдарды қолдануы

1. Сыртқы барлау органының қызметкерлері қарулануға алынған арнайы құралдарды мынадай жағдайларда:

1) азаматтарға және күзетілетін адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

2) сыртқы барлау органы күзететін ғимараттарға, құрылыстарға, үй-жайларға, басқа да объектілер мен көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару үшін, сол сияқты оларды басып алған жағдайда осы объектілер мен құралдарды босату үшін;

3) қылмыстарды анықтау және олардың жолын кесу үшін;

4) қару, оқ-дәрі, жарылғыш, улы және радиоактивті заттарды заңсыз ұстаушы адамдарды қарусыздандыру үшін;

5) сыртқы барлау органының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне не күзет іс-шараларын қамтамасыз етуге тартылған басқа адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

6) құқық бұзушыларды, сыртқы барлау органының немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді атқаруға қарсылық көрсететін немесе қасақана кедергі келтіретін адамдарды ұстау үшін;

7) егер ұсталған, қамауға алынған адамдар, сондай-ақ сотталған, күдікті және айыпталушы адамдардың қашып кетуі немесе айналасындағыларға немесе өзінің денсаулығына зиян келтіруі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, оларды күзетпен апару және күзету кезінде, сондай-ақ сыртқы барлау органы қызметкерлерінің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына кедергі келтіретін адамдарға қатысты;

8) кепілге алынған адамдарды босату, азаматтардың, күзетілетін адамдар мен объектілердің өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандығына, жеке басының абыройы мен меншігіне қол сұғатын жаппай тәртіпсіздіктің, топтық іс-әрекеттердің жолын кесу үшін;

9) егер басқа тәсілдермен күзетілетін адамдар үшін нақты қауіпті тойтару мүмкін болмаса, жүргізушісі сыртқы барлау органы қызметкерінің тоқтау туралы талабын орындамаған көлік құралын тоқтату үшін;

10) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында қолдануға құқылы.

2. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің, азаматтар мен күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтық шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, күзетілетін адамға бағыттап, сондай-ақ жүктілік белгілері анық білінетін әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білінетін адамдарға және жас балаларға қатысты арнайы құралдар мен жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

3. Сыртқы барлау органы қолданатын арнайы құралдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

16-3-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің қару қолдануы

және жауынгерлік техниканы пайдалануы

1. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің қару мен жауынгерлік техниканы соңғы шара ретінде мынадай:

1) азаматтарға, күзетілетін адамдарға, сондай-ақ күзету сыртқы барлау органының қызметкерлеріне тапсырылған басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

2) сыртқы барлау органы күзететін ғимараттарға, құрылыстарға, үй-жайлар мен басқа да объектілерге және көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару үшін;

3) сыртқы барлау органының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне, осы орган күзет іс-шараларын қамтамасыз етуге тартқан басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін, сондай-ақ сыртқы барлау органының қаруын, көлік құралын, арнайы және жауынгерлік техникасын тартып алу әрекеттерінің жолын кесу үшін;

4) азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сондай-ақ кепілге алынған адамдарды, басып алынған күзетілетін объектілерді, ғимараттарды және арнаулы жүктерді босату үшін;

5) қылмыс жасау кезінде не тікелей қылмыс жасағаннан кейін үстінен түскен, қарулы қарсылық көрсеткен адамдарды, сондай-ақ өзіндегі қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш, улы және радиоактивті заттарды тапсыру туралы заңды талапты орындаудан бас тартқан қарулы адамды ұстау үшін;

6) сыртқы белгілері мен іс-әрекеттерінің жиынтығы басқа азаматтардың, күзетілетін адамдардың және сыртқы барлау органы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына төндіретін нақты қауіптің болуын куәландыратын адамдарды оқшаулау және ұстау үшін;

7) қылмыс жасады деп күдік туғызатын және айыпталатын адамдардың қамауда отырған жерден қашуының немесе қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған адамдардың, оларға қатысты қамауға алу түріндегі жаза қолданылған, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың күзетуден қашуының, сондай-ақ аталған адамдарды күшпен босатуға ұмтылудың жолын кесу үшін;

8) егер жүргізушісі күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп тудырса және сыртқы барлау органы қызметкерінің тоқтау бойынша тоқтаудан бас тартса, көлік құралын тоқтату үшін;

9) жануарлардың шабуылынан қорғану үшін;

10) дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін;

11) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында қолдануға құқығы бар.

2. Азаматтардың, сыртқы барлау органы қызметкерлері мен күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін, сондай-ақ олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, топтық шабуыл жасаған, кепілге адамдарды, объектілерді, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемелерін алған жағдайларды

қоспағанда, күзетілетін адамға бағыттап, сондай-ақ әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білінетін адамдарға және кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

3. Сыртқы барлау органының қызметкерлері қару қолданған барлық жағдайларда айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зардап шеккендерге кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету үшін қажетті шараларды қолдануға, қару қолданғаны туралы тікелей бастығына баяндауға міндетті.

4. Адамдардың өліміне немесе өзге де ауыр салдарларға әкеп соққан қару, арнайы құралдар, дене күшін қолданудың әрбір жағдайы туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарланады.

5. Сыртқы барлау органының қарулануында тұрған қарудың, жауынгерлік техниканың түрлері мен ұрыс оқ-дәрілері жиынтығының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді."

8) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің жауаптылығы

Сыртқы барлау органының қызметкерлері өз қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін және заңсыз іс-әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады."

42. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 15 қазанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"22) мемлекеттік мүлік тізілімі – арнаулы мемлекеттік органдардың жедел басқаруындағы мүлікті қоспағанда, мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі;"

2) 161-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Арнаулы мемлекеттік органдардың жылжымайтын мүлкін беру, өткізу, кәдеге жарату және есептен шығару, сондай-ақ мүліктік жалға беру (жалдау) тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды."

43. "2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2011 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (2011 жылғы 26 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған):

11-баптағы "құқық қорғау органдары" деген сөздер "арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 18-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК